		«Әке жолы – ізгі жол» атты республикалық әкелер апталығына оқушылардың әкелері қатысып, белсенділік танытты. «Әке моделі», подкаст, «Достық» ата-аналар спартакиадасы, волейбол, шахмат, үстел теннисі бойынша жарыстар өткізілді. Оқушыларымыз ата-аналарының рұқсатымен сыныптастарымен бірге Астана, Тараз, Түркістан, Шымкент қалаларына саяхат жасады. Өзін-өзі басқару жұмысын жүзеге асыру мақсатында 10-сыныптардан тұратын мектеп Парламенті сайланды. Парламент мүшелері «Шұғыла» қайырымдылық қорымен бірге мұқтаж отбасыларына көмек беруді ұйымдастырды. Қарттар үйіне барды. «Жүректен жүрекке» атты Fair Charity қайырымдылық іс-шараға оқушылар, ата-аналар мен ұстаздар да қатысты. Ақпан айында Парламент мүшелері бауырлас түрік елінде болған жер сілкінісінен зардап шеккен адамдарға арналған қайырымдылық жәрмеңке ұйымдастырды. Сонымен бірге сынып жетекшілері мен ата-аналар да бірлесіп, қайырымдылық жәрмеңкесін өткізді. Парламент мүшелері оқушылардың сұранысы бойынша шахмат, үстел теннисі, волейбол, баскетболдан Спартакиада өткізді. DUTY TEAM - мектепте үзіліс кездері 10-11 сынып оқушылары кезекшілік етеді, тәртіп бақылайды, кезекші мұғалімдерге көмек береді. «Жаңа ұрпақ» республикалық көшбасшылар мектебімен бірлесіп, «Антибуллинг және Галера» тренингін өткізді. Ұсыныстар: - Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес тұлғалық және интеллектуалды дамуына жағдай жасау. - 10-11 сынып оқушыларының мамандық таңдауда өзін-өзі айқындаудағы қабілеттерін қалыптастыру. Үйірме, спорт секциялармен қамту 2022-2023 оқу жылы 2022-2023 оқу жылында 1 үйірме, 3 спорттық секция жұмыс жасады. Барлық үйірмелер мен секцияларға 60 оқушы қамтылды.		2022-2023 жылғы үйірме кестесі https://drive.google.com/file/d/13pXzxpHOxLPzetOm6bKCSxQ-gLXn3f5d/view?usp=sharing
--	--	--	--	---

№	Секция	Сағат саны	Жылдық сағат саны
1	ШАХМАТ 10-11 сыныптар	2	68
2	ВОЛЕЙБОЛ 10-11 сыныптар	2	68
3	ФУТБОЛ 10-11 сыныптар	2	68
№	Үйірме	Сағат саны	Жылдық сағат саны
1	ENGLISH DEBATE 10-11 сыныптар	2	68

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

- Білім беру ұйымдарында Тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу.
- Экологиялық білім беру сапасын арттыру: экологиялық проблемаларды шешуде оқушылардың практикалық дағдыларын дамытуға арналған зертханалық, зерттеу, жобалық жұмыстарды ұйымдастыру.
- Домбыра, шахмат үйірмелерінің желісін кеңейту.
- Атаулы күндер мен мерейтойларға арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру.
- Ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту.
- Мектебіміздің ерекшелігі – тек 10-11 сынып оқушылары, ер және қыз балалар білім алуда.

Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Мектептің барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, талап, алғыс айту, ілтипат сияқты құндылықтар көрініс табуы қажет.

Мектепте оқушыларды тәрбиелеу ісі:

- оқу пәндерінің мазмұны;
- сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралар;

2023-2024 жылғы тәрбие жоспары

<https://drive.google.com/file/d/1TmGrK3dfONEj4hi4m8AuXJrOKaYrZbpi/view?usp=sharing>

		- сыныптан тыс іс-әрекеттер мен қосымша білім беру (факультативтер, клубтар, секциялар) арқылы жүзеге асырылады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. Күтілетін нәтижелер: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.	
--	--	---	--

		4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды. БІРТҰТАС ТӘРБИЕ бағдарламасы бойынша ұлттық мүдде, ар-ұят, талап тәрбие құндылықтары мен әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларды жоспарға енгізуге ұсынылды. Жобамен жұмыс істеу барысында сынып жетекші, педагог оқушыларға жұмыстың барлық кезеңдерінде тәлімгер әрі кеңесші ретінде қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық ізденістеріне сенім білдіріп, өз жұмысының нәтижесі үшін өз бетінше шешім қабылдауына мүмкіндік беруі маңызды. Ұсынылған тақырыптарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдау қажет. • «Еңбегі адал жас өрен»; • «Балалар кітапханасы»; • «Қайырымдылық»; • «Таза аула»; • «Эковолонтерлер»; • «Экологиялық туризм»; • «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла»; • «Судың да сұрауы бар»; • «Мектеп қабырғасындағы бизнес»; • «Зиянды әдеттер аулақ бол»; • «Тарихқа құрмет»; • «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру»; • «Күнделікті пайдалы тағам»; • «Психологиялық әл-ауқат және стресске төзімділік»; • «Ұйқы және оның денсаулыққа әсері»; • «Экранға тәуелділік: заманауи жаман әдет»; • «Жеткіншектің жеті жарғысы»; • «Ұлттық мектеп лигасы»; • «Қарияға қол ұшын соз»; • «Жасыл мектеп»; • «Экологиялық мониторинг»; • «Үнемді тұтыну»; • «Мектептегі энергияны үнемдеу»; • «Менің отбасымның өмірлік жолы»; • «Бейбіт күннің қаһармандары»; • «Өнер мен құндылықтар»; • «Қауіпсіздік және алғашқы көмек»; • «Спорт және мен»; • «Цифрлық гигиена»;		
--	--	---	--	--

		Осы жобаларды іске асыру барысында оқушылардың тәрбиелік, өмірлік кеңістігінің әлеуетін кеңейтуге, жеке тұлғаның өзекті қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілетіні анық. Сонымен бірге сынып жетекшілерге тақырыптық сынып сағаттарын өткізу формалары да ұсынылды. Оның ішінде нақты тақырыптағы әңгіме, пікірталас, диспут, дебаттар, рөлдік ойындар, тақырыптық дәріс, сынып жиналысы, ойын-саяхат, тренингтер, конференциялар, шеберлік сыныптар, театрлық қойылымдар, т.б. «2023-2024 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хатында ұсынылған Тәрбие процесін ұйымдастыру бойынша келесі нормативтік құқықтық актілер негізге алынды: 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы; 2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы № 319 Заңы; 3. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; 4. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңы; 5. «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» ҚР 8.08.2002ж. № 345 Заңы; 6. «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңы; 7. «Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы 8. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы)		
--	--	--	--	--

		9. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) 10. «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) 11. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы) 12. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР 26.12. 2011 жылғы № 518-IV Кодексі; 12. Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы; 13. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР 4.12.2009 жылғы № 214-ІҮ Заңы; 14. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы. 15. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2.07.2018 жылғы № 169-VI Заңы; 16. ҚР БҒМ 12.06.2020 жылғы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері. 17. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.06.2020 жылғы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы. 18. Ұлттық мерекелер, мемлекеттік мерекелер, кәсіби және өзге де мерекелер «Қазақстан Республикасының мерекелері туралы» ҚР 13.12.2001 жылғы N 267 Заңы. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес мектептің Тәрбие жұмысының жылдық		
--	--	---	--	--

		жоспары бекітілген. Оның ішінде: Құндылықтарды айлар бойынша жүзеге асыру; Психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары. Оқушылар Парламентінің жылдық жоспары. Сонымен бірге әр сынып жетекшісі мектепішілік тәрбие жұмысының жылдық жоспары және «Ел жастары» Алматы аймақтық бағдарлама негізінде аптасына 1 рет әр сейсенбіде өтетін сынып сағаттарының жоспары мен сабақтан тыс уақытта өткізілетін іс-шаралар жоспарын жүзеге асырады. Тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары сынып жетекшілерге арнап, «Тәрбие жұмысын жоспарлау әдістемесі» тақырыбында семинар өткізді. Білім беру үдерісінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру барысында ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады. Бұл мәселені шешу мақсатында жылдық жоспарға жыл бойы 9 құндылықты іс-шаралар арқылы оқушыларға түсіндіріп, бойларына қалыптастыру – педұжымның негізгі міндеттерінің бірі. Атап айтқанда, құндылықтарды жүзеге асыру жолдарының бірі - ай сайын берілген құндылықтар бойынша іс-шаралар ұйымдастырып өткізу: Қыркүйек айында - <i>Сүйіспеншілік</i> құндылығы Қазанда - <i>Эмпатия</i> құндылығы Қарашада - <i>Әділдік</i> құндылығы Желтоқсанда - <i>Табандылық</i> құндылығы Қаңтарда - <i>Әдептілік</i> құндылығы Ақпанда - <i>Кішіпейілділік</i> құндылығы Наурызда - <i>Жомарттық</i> құндылығы Сәуірде - <i>Денсаулық</i> құндылығы Мамырда - <i>Ынтымақтастық</i> құндылығы Сонымен бірге сынып сағаттарының жоспарында АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМІЛІК ОРТАЛЫҒЫ «Сынып жетекшілеріне тәрбие жұмысын ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымда» көрсетілген Қосымша білім беру бағдарламасының орындалуы бақылауға алынады. Оның ішінде:		
--	--	--	--	--

		- «Жалпыға бірдей құқықтық білім беру бағдарламасы» -10-11сынып (9 сағ.) - «Өрт қауіпсіздігі бойынша бағдарлама – 10-11 сыныптар (8 сағ.) - «АИТВ мәселелері және оның алдын алу бағдарламасы» -10-11 сынып (3 сағ.) - «Оқушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша білім беру – 10-11 сыныптар – (3-4 сағ.). 2023-2024 оқу жылы Тәрбие жұмысы бойынша педкеңес пен директор жанындағы мәжіліс отырыстарында қарастырылған мәселелер: – «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.12.2022ж. №506 Бұйрығымен таныстыру. - Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және тексеру. - Тәрбие жұмысында нормативтік құжаттардың басшылыққа алынуы. - «Лицейдің «Ішкі тәртіп Ережелері» бекіту туралы». - «Құндылықтарға негізделген мектеп». - 1-тоқсандағы тәрбие жұмысының қорытындылары. - Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың жағдайы. - Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру. - Оқушылардың денсаулығы мен әл-ауқатын нығайтуда спорттық ойындар өткізу. - «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі» /10-11 сыныптар бойынша/ Оқу жылының басында Әуезов ауданы П.Б. ювеналды полиция бөлімі мен мектебіміздің 2023-2024 оқу жылына арналған құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысының бірлескен жоспары бекітілді. Мақсаты: Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жоспарлау, бақылау және ұйымдастыру. Міндеттері: - жасөспірімдердің құқықбұзушылыққа апаратын себептерін табу және жою; - жасөспірімдердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;		
--	--	---	--	--

		- жасөспірімдерді қоғамға қарсы әрекеттерге тартатын жағдайларды анықтау және тоқтату. Мектебімізде бекітілген құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінде «Мектептің Ішкі тәртіп ережелерін» бұзған оқушылардың мінез-құлқы қарастырылуы мүмкін. Психолог 10-сынып оқушыларына «Мен кімін? баланың қабілетін тану маңыздылығы» тақырыбында семинар өткізді. «Буллинг пен кибербуллингтен қорғану жолдары» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді. «Жастар және қылмыс мәселесі» бойынша сауалнама өткізілді. «Сен және Заң» тақырыбында пайдалы кездесу өтті. DUTY TEAM - мектепте үзіліс кездері 10-11 сынып оқушылары кезекшілік етеді, тәртіп бақылайды, кезекші мұғалімдерге көмек береді. Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мейрамдарын өткізу кестесі бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Республикамыздың ел экономикасы мен білім, мәдениет және спорттың дамуына өз үлестерін қосқан танымал тұлғалармен де кездесулер өткізіледі. «Мектебім - мейірім мекені» тақырыбы бойынша Білім күніне арналған «Алғашқы қоңырау» салтанатты жиынға танымал ата-аналарымыз қатысып, оқушыларға өз тілектерін айтты. Қазақстан халқы тілдерінің күні әдеттегідей басқа да ұлттардың тілдеріне құрмет көрсетілді. Оқу жылының басында «Ата-аналарға арналған қоғамдық іс-шаралар жоспары» бекітілді. Мақсаты - мектеп әлеуетін арттырып, отбасы мен мектеп арасындағы серіктестікті нығайту. Ата-аналарымызға әр тоқсан сайын педконсилиум өткізіледі. Онда әр пән мұғалімдерімен кездесіп, балаларының оқу үлгерімі мен тәрбиесі туралы ақпарат алады. Ата-аналарымыз да мектепке келіп, тәрбие сағаттарына қатысады, тақырыптар бойынша дайындалады. Мұғалімдерге құрмет көрсетіп, мерекелік іс-шара өткізілді. Республика күніне арналған салтанатты жиында ҚР мемлекетті Гимні орындалып, патриоттық әндер орындалды. Парламентінің жаңа құрамы - Президенті мен мүшелері баршаға таныстырылды.		
--	--	---	--	--

		Мемлекеттік Рәміздерге құрмет көрсету мақсатында ҚР Гимнін айту байқауы 10 сынып оқушылары арасында өткізілді. Парламент мүшелері «Talent show» жаңажылдық концерт өткізді. Парламент мүшелері Алғыс күніне мұғалімдер мен қызметкерлерге арнап концерт қойды, Алғыс хаттарын сыйлады, 8-Наурыз мерекесіне де концерт ұйымдастырды. Наурызнама жоспары бойынша 14 наурызда Көрісу күнінде домбырашыларымыз күй тартып, концерт көрсетті. Сонымен бірге «Ұлттық киім кию» байқауы, «Шаңырақ» күні, «Ұлттық спорт ойындары күні» өткізілді. Отан Қорғаушылар күні қарсаңында «Жігіт сұлтаны» байқауына 10-11 сынып оқушылары қатысты. 24 мамырда әр сыныпта «БІЛІМІМ - ОТАНЫМА» тақырыбында сынып сағаттары өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқу сабағы күнделікті өтеді. Ең көп кітап оқыған оқушыларға сыйлықтар беріледі. Өлкетануды дамыту мақсатында оқушыларымызды Алматы немесе басқа қалаларға баруды дәстүрге айналдырдық. Өйткені оқушылардың ой-өрісін, эрудициясын дамытуға маңызды. Сонымен бірге оқушылар Астана, Түркістан, Тараз, Ташкент, Самарканд, Бухара қалаларына саяхатқа барды. 2023-2024 оқу жылы спорттық-сауықтыру шараларды өткізу барысында қойылатын негізгі мақсат – салауатты өмір салтын насихаттау, оқушыларды спортпен шұғылдануға тарту, спорт секцияларының жұмысын дамыту. Дәстүрге айналған Отбасы күніне арналған спорттық мерекесін оқушылар мен ата-аналары қатысты. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында әкелер бірігіп, волейбол ойнайды. Ал аналарымыз жиналып, түрлі ұлттық тағамдар дайындап балаларды тәрбиелеу мәселелерін бірге талдайды, тәжірибемелі алмасады. Дене шынықтыру апталығы қызықты өтті. Өртүрлі спорт түрлерінен, оның ішінде ұлттық спорт ойындары бойынша жарыстар өткізілді. Сыныптар арасында шахмат жарысы өткізілді. Оқушылармен қатар мұғалімдер де белсенділік танытты. Нәтижесінде жеңімпаздар марапатталды.		
--	--	--	--	--

		1 мамырда мектебімізде Қазақстан халқының бірлігі күніне орай білім алушылардың әкелері мен мұғалімдер арасында волейболдан «Достық» турнирі өткізілді. Оқушылар мен қызметкерлердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Жер сілкінісі кезіндегі шаралар» тақырыбында қалалық онлайн сабақ өткізілді. «Оқушылармен төтенше жағдайлар, сейсможаттығуды өткізу кезіндегі нұсқаулықпен таныстыру», «Жер сілкінісі мен өрт қауіпсіздігі» тақырыптарында семинар өткізілді. Мектебімізде оқушылар мен ата-аналары, мұғалімдер тарапынан қайырымдылық іс-шаралар өткізіліп тұрады. Сонымен қатар жеке тұлғалық, оқу-тәрбие, қарым-қатынас сферасы, болашақты жоспарлау бойынша туындаған мәселелер негізінде психологиялық қолдау, кеңес беру үшін оқушылармен, мұғалімдермен және ата-аналармен индивидуалды кездесулер өткізіледі. КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫ Мектебімізде тек 10-11 сынып оқушылары оқығандықтан, басты бағыттарының бірі - кәсіби бағдар беру жұмыстарын дамыту. Әр сыныптың ата-аналарымен, жеке-жеке оқушылармен кездесіп, бағыт-бағдар берілуде. Кәсіби бағдар беру - жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға, дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттермен ұштастыруға бағыт беретін сала. Бағдарлама сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылады. Нақты айтқанда, сыни тұрғыдан ойлау, оқудың жеңіл тәсілдері, этикалық коммуникация, жеке брендинг, медиа сауаттылық және зерттеу әдістері сияқты тақырыптарды талдау. Бұл әдістер оқушыларды академиялық жетістікке жету және бүгінгі динамикалық қоғамда өркендеу үшін қажетті дағдылармен, біліммен қамтамасыз етеді. Сонымен бірге кәсіби саяхаттар жасау, оның ішінде өндірістік орындарға бару. Бұл жағынан ата-аналарымыз көп көмек көрсетеді. Кәсіби бағдар беру мақсатында көптеген отандық және шетел университеттерінің өкілдерімен кездесулер жиі өткізіледі. Оқушыларымыз халықаралық білім жәрмеңкесіне де қатысады.	
--	--	---	--

Сонымен бірге отандық және әлемдік топ университеттеріне түскен мектеп түлектерімен де кездесулер өткіземіз.

Ұсыныстар:

- Оқушылардың жеке қабілеттерін ашу мақсатында секциялар мен үйірмелерге баулу.
- Кәсіби бағдар беру жұмыстарын жетілдіру.
- Әрбір оқушыны табысты оқытуға қолайлы жағдай жасау жұмыстарын дамыту.

Үйірме, спорт секциялармен қамту 2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында 1 үйірме, 3 спорттық секция жұмыс жасады. Барлық үйірмелер мен секцияларға 60 оқушы қамтылды.

№	Секция	Сағат саны	Жылдық сағат саны
1	ШАХМАТ 10-11 сыныптар	2	68
2	ВОЛЕЙБОЛ 10-11 сыныптар	2	68
3	ФУТБОЛ 10-11 сыныптар	2	68
№	Үйірме	Сағат саны	Жылдық сағат саны
1	ENGLISH DEBATE 10-11сыныптар	2	68

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс.

Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім

2023-2024 жылғы
үйірме кестесі
https://drive.google.com/file/d/1p2k_83-kxGXD4XVbRZXRUwD923QorvuE/view?usp=sharing

		алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді. Тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаттары: - Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. - «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сынып сағаттарында 10 сабақ беру. Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды. 2024-2025 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мейрамдарын өткізу кестесі, тәрбие жұмысының бағыттары бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде •Түркі ғалымы Махмұд Қашқаридің туғанына 995 жыл (1029-1101), Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының туғанына 840 жыл (1184-1227), Қазақ ханы Қасым ханның туғанына 580 жыл (1445-1521), Тарихшы, философ Мұхаммед Хайдар Дулати туғанына	2024-2025 жылғы тәрбие жоспары https://drive.google.com/file/d/1DLe2Cvmmvg1297PI2JdjSyTRoH3Pd1wC/view?usp=sharing 2024-2025 үйірме кестесі https://drive.google.com/file/d/1WinpqTxY0TDFIfwN-G7jKWVtIAfnMI9E/view?usp=sharing Үйірме журналдары https://drive.google.com/file/d/1m3W0ndTIwyacTHV06BudCbZZowVQnX_2/view?usp=sharing https://drive.google.com/file/d/15BWteOVXyupPI6hQA78T15zd2LB8E6K/view?usp=sharing https://drive.google.com/file/d/1tVjtlrGG2fgRL08aOAb3cfKI_75hfTIp/view?usp=sharing
--	--	---	--

		525 жыл (1499-1561), Ақын, қолбасшы Махамбет Өтемісовтың туғанына 220 жыл (1804-1846), Ғалым, мемлекет қайраткері Санжар Асфендияровтың туғанына 135 жыл (1889-1938), Рахымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жыл (1924-1988), Мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың туғанына 130 жыл (1894-1943), Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл (1995), Тарихшы–этнограф Халел Арғынбаевтың туғанына 100 жыл (21.09.1924–08.08.1998), Балалар жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл (13.10.1924–1992), Қазақ тіл білімі–түркітанушы Абдуали Қайдаровтың туғанына 100 жыл, Ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Ілияс Жансүгіровтың туғанына 130 жыл (1894–1938), Мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың туғанына 130 жыл (10.09.1894–1939), Мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл (15.10.1894-02.1938), Қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің туғанына 130 жыл (15.11.1894–26.02.1938), Әдебиеттанушы Телжан Шонановтың туғанына 130 жыл (1894–1938), Тарихшы Ермұхан Бекмахановтың туғанына 110 жыл (15.02.1915–6.05.1966), Ақын Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл (20.03.1935). назарға алынды. Ұйымдастырылған тәрбиелік іс шараларыдың сынып сағаттарында өткізілуі бойынша - «Жеке қауіпсіздік» бағдарламасы - 10-11 сыныптар (10 сағ.) - «Құқықтық білім беру бағдарламасы» - 10-11 сыныптар (9 сағ.) - «Өрт қауіпсіздігі бойынша бағдарлама – 10-11 сыныптар (8 сағ.) - «АИТВ мәселелері және оның алдын алу бағдарламасы» - 10-11 сыныптар (3 сағ.) - «Оқушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру - 10-11 сыныптар (3-4 сағ.) - Психологиялық қызметінің жұмысы (әңгіме, сұхбат, жеке және топтық тренингтер, рейд). - Ата-аналарға арналған семинарлар, үйірмелер жұмысы. - Мектеп Парламенті, Дебаттық қозғалысы жұмыстарын жалғастыру. Құндылықтарды айлар бойынша жүзеге асыру: • еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы • тәуелсіздік және отаншылдық айы • әділдік және жауапкершілік айы • бірлік және ынтымақ айы	
--	--	--	--

- заң және тәртіп айы
- жасампаздық пен жаңашылдық айы
- тәуелсіздік және отаншылдық айы
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- бірлік пен ынтымақ айы

Іске асыру тетіктері: Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап тәрбие құндылықтары бойынша жүргізілетін іс-шаралар

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Үйірме, спорт секциялармен қамту 2024-2025 оқу жылы

		2024-2025 оқу жылында 1 үйірме, 3 спорттық секция жұмыс жасады. Барлық үйірмелер мен секцияларға 60 оқушы қамтылды.																										
		<table><tr><th>№</th><th>Секция</th><th>Сағат саны</th><th>Жылдық сағат саны</th></tr><tr><td>1</td><td>ШАХМАТ 10-11 сыныптар</td><td>2</td><td>68</td></tr><tr><td>2</td><td>ВОЛЕЙБОЛ 10-11 сыныптар</td><td>2</td><td>68</td></tr><tr><td>3</td><td>ФУТБОЛ 10-11 сыныптар</td><td>2</td><td>68</td></tr><tr><th>№</th><th>Үйірме</th><th>Сағат саны</th><th>Жылдық сағат саны</th></tr><tr><td>1</td><td>ENGLISH DEBATE 10-11сыныптар</td><td>2</td><td>68</td></tr></table>	№	Секция	Сағат саны	Жылдық сағат саны	1	ШАХМАТ 10-11 сыныптар	2	68	2	ВОЛЕЙБОЛ 10-11 сыныптар	2	68	3	ФУТБОЛ 10-11 сыныптар	2	68	№	Үйірме	Сағат саны	Жылдық сағат саны	1	ENGLISH DEBATE 10-11сыныптар	2	68		
№	Секция	Сағат саны	Жылдық сағат саны																									
1	ШАХМАТ 10-11 сыныптар	2	68																									
2	ВОЛЕЙБОЛ 10-11 сыныптар	2	68																									
3	ФУТБОЛ 10-11 сыныптар	2	68																									
№	Үйірме	Сағат саны	Жылдық сағат саны																									
1	ENGLISH DEBATE 10-11сыныптар	2	68																									

		Кәсіби бағдар беру жұмысы Мектепте оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстарын мектеп педагогтері 2022 жылдан бері жүзеге асып келеді. Мектеп директорының бекітуімен арнайы бағдарлама аясында жұмыс жүргізіліп 10–11 сынып оқушыларына бағыт-бағдар берілуде. Кәсіби бағдар беру -жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісімі мамандықты саналы талдап алуға, дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттермен ұштастыруға бағыт беретін сала. Бағдарлама сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылады. 2022-2023 оқу жылы Оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес кәсіби бағдарлау мен білім беру мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталды. Жоспар бойынша сабақтар өтті, олар оқушыларға мамандықтар әлемін таныстыру, өз қабілеттерін бағалау, университеттерді зерттеу және болашақ жоспарларын құру дағдыларын дамытуға көмектесті. Оқушылардың жетістіктері, кездескен қиындықтар мен ұсыныстармен жұмыс жасалды. Оқу жылының түлектері мектеп тарапынан көрсетілген кәсіби бағыт бағдардың педагогтердің еңбегінің арқасында ҰБТ-де жақсы көрсеткіштерді көрсетті. Оқушыларды ЖОО-ға мемлекеттік грант конкурсына қатысуға өтініш беруге сүйемелдеу, қажетті құжаттарды жинау бойынша педагогтер тарапынан жұмыс жүргізілді. Оқуға түскен оқушылардың пайыздық үлесі 100% құрады. Оның ішінде мемлекеттік грант иегерлері 90% құрады, қалған 20% оқушылар әр түрлі оқу орындарының ішкі гранттарымен ақылы оқумен қамтылған. Оқушылардың жоғарғы оқу орнын таңдау бойынша басымдыққа ие болған оқу орындары, Сүлейман Демирел атындағы университет, Астана IT University, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, «Нархоз» университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, медициналық университетке түсті. Астана университеті, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қарағанды медицина	2022-2023 жылғы кәсіби бағдар беру жоспары https://drive.google.com/file/d/1cLY7DH7TzmcvpW04Ru41gup9_75DENIx/view?usp=sharing 2022-2023 ҰБТ нәтижелері https://docs.google.com/spreadsheets/d/17KbyVf8fe1jUj1CsydSGb43Jo1BF9tRj/edit?usp=sharing&oid=117336924234395011728&rtpof=true&sd=true
--	--	--	---

		университеті. Сонымен қатар оқушылардың басым бөлігі техникалық мамандықтарға таңдаған. 2023-2024 оқу жылы Оқу жылының басында 2023-2024 оқу жылына арналған кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары жасалды. Жоспарға сәйкес 10-11 сынып оқушылары мен ата-аналарына оқуға түсу бойынша жеке кеңес берілді. Оқу жылының соңында кәсіби бағдар беру жұмыстарымен 10-11 сыныптан 465 оқушы қамтылды. Оқушылардың кәсіптерін анықтау және диагностика және жоғары оқу орындарына кампус-турлар жасалды. Жоспарға сәйкес оқушылар түрлі мамандықтар, еңбек нарығы, университеттерді таңдау және болашақ мансабын жоспарлау тақырыптарымен танысты. Сабақтар әртүрлі әдістермен өткізілді, оның ішінде пікірталастар, интерактивті жаттығулар, жеке рефлексия және топтық жобалар қолданылды. Сонымен қатар, әлемдік трендтер мен статистикаларға сүйенген сабақтар оқушыларға көкжиектерін кеңейтуге көмектесті. Еңбек нарығындағы сұраныстар, болашақта пайда болуы мүмкін мамандықтар, әртүрлі елдердегі білім беру жүйесінің ерекшеліктері туралы ақпарат оқушылардың қызығушылығын тудырды. Олардың басым бөлігі еңбек нарығы мен университет таңдауға көмектесетін порталдарды зерттеуге белсенді қатысты. Сабақ барысында eduser.app, univision.kz, vipusknik.kz, testcenter.kz секілді пайдалы платформалармен танысып, оларды өз бетімен қолдана бастады. Оқушыларды ЖОО-ға мемлекеттік грант конкурсына қатысуға өтініш беруге сүйемелдеу, қажетті құжаттарды жинау бойынша педагогтер тарапынан жұмыс жүргізілді. Оқуға түскен оқушылардың пайыздық үлесі 100% құрады. Оның ішінде мемлекеттік грант иегерлері 90% құрады, қалған 20% оқушылар әртүрлі оқу орындарының ішкі гранттарымен шет елдік оқу орындарына және ақылы оқуға түсті. Сманова Ақбота NU 100% грант, Ринатұлы Ансар Чехия 100% грант, Әбілқаир Рабия Польша 100% грант, Үсембай Ернар XIAMEN UNIVERSITY MALAYSIA 50% грант, Кобыланбай Нурасыл XIAMEN UNIVERSITY MALAYSIA 50% грант, Мурадулы Дәулет ZHEJIANG UNIVERSITY OF TECH фоундейшн 100% грант, Серік Абдулла XIAMEN UNIVERSITY MALAYSIA 50% грант, Үсембай Ернар XIAMEN UNIVERSITY MALAYSIA 50% грант, Мұрадулы Дәулет Қытай фоундейшн 100% грант, Әблмансұр Алихан Қытай фоундейшн 100%		2023-2024 жылғы кәсіби бағдар беру жоспары https://drive.google.com/file/d/1cLiahL8pHB8ljvxOEIIyIcotkA6vJVT/view?usp=sharing 2022-2023 ҰБТ нәтижелері https://docs.google.com/spreadsheets/d/1_L0OgpcC1OQr-tTa1KKpvA6wZ2ocLfSP/edit?usp=sharing&ouid=117336924234395011728&rtpof=true&sd=true
--	--	---	--	---

грант, Қалмат Арлан NU 100% грант, Серікқан Өрден Қытай 100% грант, Баймурат Балмекен Польша 100% грант, Бекхужинова Аружан Ташкент 100% грант жеңіп алды. SPT 2024 олимпиадасының “Химия-Биология” кластері бойынша Сүлейман Демирел атындағы университеттен Бақытбек Саида Ержанқызы 6B01502 Химия (педагогика) 100% грант сертификатын жеңіп алды. Тіркеу №007

Оқушылардың еліміздегі жоғарғы оқу орнын таңдау бойынша басымдыққа ие болған оқу орындары, Сүлейман Демирел атындағы университет, Астана IT University, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, «Нархоз» университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, медициналық университетке түсті. Астана университеті, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Қарағанды медицина университеті.

2024-2025 оқу жылы

2024-2025 оқу жылына арналған кәсіби бағдар жоспары бекітіліп, қазіргі таңда жоспарға сәйкес 29 тақырып бойынша сабақтар өтті, олар оқушыларға мамандықтар әлемін таныстыру, өз қабілеттерін бағалау, университеттерді зерттеу және болашақ жоспарларын құру дағдыларын дамытуға көмектесті.

Кәсіби бағдар бойынша сабақ мына тақырыптар аясында өтті: Уақытты тиімді басқару және өзін-өзі ұйымдастыру, Техникалық мамандықтар әлемі, Гуманитарлық мамандықтар әлемі, Коммуникация және медиа: ақпарат дәуірінің мамандықтары, Шығармашылық пен инновация: креативті кәсіптер, Ғылым мен зерттеу: білімнің шексіз әлемі, Медицина саласы: денсаулыққа қызмет ететін мамандықтар, Экономика және қаржы: аналитикалық салалар, Еңбек нарығы: сұранысқа ие мамандықтарды зерттеу, Уақытты басқару: барлығына үлгеру жолдары, Жетістіктерді бағалау, Өзіне деген сенімділікті көпшілік алдында сөйлеу арқылы дамыту, Белсенді тыңдау, Стресс-менеджмент негіздері: эмоцияларды бақылау, Қателіктерден сабақ алу және кері байланыс, Этика мен жауапкершілік: кәсіби мінез-құлық негізі, Күшті жақтарыңды тап:

2024-2025 жылғы кәсіби бағдар беру жоспары

<https://drive.google.com/file/d/1DHR3n7LKArONITgpo5HzOS6EFINSY5Wt/view?usp=sharing>

2024-2025 ректор грант иегерлері

https://drive.google.com/file/d/17jjT2BmFxcIAA1A4DaSmfJj2X_brd7f3/view?usp=sharing

саған сай мамандықтар, Мамандық түрлері: өз бағытыңды таңда, Сенің жол картаң: қаһарманның жолы, Мамандықтар тізімін жаса, Қызығушылықтарың бойынша команда тап, Мамандық талаптары: не білу қажет?, Жетістіктерді бағалау, Таңдау уақыты: мамандығыңды таныстыру, ҰБТ: А-дан Я-ға дейін, Балама жетістік жолдары: ҰБТ-дан кейінгі өмір, Қазақстан университеттеріне шолу, Университет таңдау үшін мәліметтерді талдау, Университетті таңдау: идеядан таныстыруға дейін.

Сабақ өткізу тәжірибесі:

Оқушыларға кәсіби бағдар бойынша сабақтар әртүрлі мамандықтарды түсіндіруден басталды. Алайда мұғалімдер кейбір қиындықтарға тап болды: техникалық бағыттағы оқушыларға гуманитарлық мамандықтарға арналған сабақтар қызықсыз болып көрінсе, керісінше жағдай да байқалды. Осыған байланысты 8-сабақтан бастап бағдарламаға өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеруге бағытталды.

Оқушылардың қызығушылығы жоғары болған тақырыптардың бірі – нақты өмірдегі оқиғаларға негізделген әңгімелер. Көптеген оқушыларға мамандық таңдау кезінде өмірде кездесетін шынайы мысалдар, тәжірибелі мамандардың оқиғалары, сондай-ақ өздеріне жақын адамдардың тәжірибесі ерекше әсер етті. Бұл тәсіл оларға мамандық таңдаудың тек теорияға ғана емес, шынайы өмірлік жағдайларға да негізделетінін түсінуге көмектесті.

Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында мектебіміздің 25 оқушысы Мухаметжан Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің ректор грантының иегері атанды

		Психологиялық қызмет 2022-2023 оқу жылы Бұл есепте 2022-2023 оқу жылдарында 10-11 сынып оқушыларымен жүргізілген психологиялық жұмыстың талдауы берілген. Мектепте 370 оқушылар бар, оның ішінде 253-і 11-сынып оқушылары, 117-і 10-сынып оқушылары. Жалпы психологиялық қызмет бес бағытта жүріп отырады: диагностика, түзету дамыту, ағарту, кеңес беру, ұйымдастыру-әлеуметтік. Есептің мақсаты – жұмыс тәжірибесін жүйелеу, психологиялық көмек және түзетудің тиімді әдістерін анықтау, сондай-ақ келесі оқу жылындағы психологиялық қолдауды дамыту перспективаларын анықтау болып табылады. Мақсаты: Оқу ортасында, отбасында және қоғамда оқушылардың толыққанды дамуына, оң әлеуметтенуіне, кәсіби бейімделуіне және өмірлік өзін-өзі анықтауына жағдай жасауға көмектесу. Міндеттер: ● Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды шығармашылық және әлеуметтік маңызды іс-әрекетке тарту; ● Отбасылық әл-ауқатсыздық, әлеуметтік жетімдік, балаларға қатысты зорлық-зомбылықты анықтау және алдын алу, оқушылардың әлеуметтік бейімделмеуі мен құқық бұзушылықтарын алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау; ● Оқу үрдісінің барлық қатысушыларының психологиялық-педагогикалық және құқықтық мәдениетін арттыру. Негізгі жұмыс бағыттары ● Алдын алу бағыты: Оқушылардың, педагогтардың, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениетін) дамыту, салауатты өмір салтына бағытталған көзқарастарды қалыптастыру, оқу-тәрбие үрдісіне қатысушылардың денсаулығын сақтау және нығайтуға көмектесу. ● Ақпараттық-түсіндіру жұмысы Кеңес беру бағыты: Оқушыларға, олардың ата-аналарына және педагогтарға даму, әлеуметтену, оқу қиындықтары, қарым-қатынас мәселелері сияқты өзекті мәселелерді шешуде көмек көрсету.	2022-2023 оқу жылы жылдық жоспар https://drive.google.com/file/d/1MHvzdOxzLg0f45g_ijzYtNRIGyt-HZW8/view?usp=drive_link
--	--	---	---

		Кеңес беру тақырыптары: оқу барысындағы қиындықтар, құрдастарымен және ата-аналарымен қарым-қатынас, жүктемелі оқу, қоғамдық қысым және болашаққа деген белгісіздік жасөспірімдерде үнемі стресс пен мазасыздық тудырады. Достардың болмауы, жалғыздық сезімі, виртуалды әлемге ену т.б. ●Диагностикалық бағыт: Диагностиканың мақсаты: оқу және дамудағы проблемалардың себептерін анықтау үшін оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеу; жеке тұлғаның күшті жақтарын, оның резервтік мүмкіндіктерін анықтау, кәсіби және танымдық қызығушылықтарды ерте анықтау. Келесі диагностикалық әдістер қолданылды: Э. Ховард бойынша стресске төзімділік тесті, Опросник агрессивности Басса – Дарки, «Үй- ағаш- адам» проективті диагностикалық әдісі, Тест “DISC”-адам мінезінің түстері, «Менің жанұям» проективті тесті, Геометриялық фигуралардан адамның конструктивті суреті. Диагностика нәтижелері мыналарды көрсетті: оқушыларда алаңдаушылық деңгейі жоғары, алдыда келе жатқан ҰБТ-ға байланысты, ата-ананың үмітін ақтау, құрдастарымен қарым-қатынас жасаудағы қиындықтар т.б. ●Түзету-дамыту бағыты: Барлық қажеттіліктері бар оқушыларға қызмет көрсету немесе тиісті мамандарға жолдау арқылы түзету-дамыту қолдауына жағдай жасау. ●Ұйымдастыру-әдістемелік қызмет: әдістемелік қорды толықтыру, жаңа әдістерді меңгеру және әзірлеу. ●Топтық жұмыс: Келесі топтар ұйымдастырылды: “Танысу”, «Өзіме хат», «Қорқынышпен жұмыс», "Автомобиль" әдісі, «Бриджим» миға арналған гимнастика, «Міндетіммін, Қалаймын, Қорқамын, Боламын» әдісі. ○Топтардың мақсаты: жағымды атмосфераны қалыптастыру, әлеуметтік дағдыларды дамыту, өзін-өзі бағалауды арттыру. ○Топтық жұмыстың нәтижелері: қатысушылар ашық, өзіне сенімді болып, басқаларды түсіне білу, ойларын ашық жеткізе алу, жанжалды тиімді шешуді үйрену т.б. ●Буллингтің алдын алу және оны жеңу жөніндегі жұмыс: ○Буллинг тақырыбында семинар өткізілді.		
--	--	--	--	--

		○Оқушыларға конструктивті өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға арналған тренингтер ұйымдастырылды. ○Конфликт қатысушыларымен жеке кеңестер өткізілді. Жұмыс нәтижелерін талдау Эмоционалдық саланы дамыту: Сезімдерді анықтау және білдіру дағдыларына үйрету, ашу-ызаны, мазасыздықты және басқа да теріс эмоцияларды басқару. Оң ойлау дағдыларын дамыту: Позитивті ойлау дағдыларын дамыту, теріс көзқарастарды жеңу. Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Қарым-қатынас дағдыларына, жанжалды шешу қабілетіне, басқа адамдармен ынтымақтастық жасауға үйрету. Өзіне деген сенімділікті дамыту: Өзіне қатысты оң бейнені қалыптастыру, өз құндылығын сезінуді дамыту. Өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту: Релаксация, медитация, тыныс алу жаттығуларына үйрету. Қорытынды Жыл бойы жүргізілген психологиялық жұмыс 10-11 сынып оқушыларының негізгі психологиялық мәселелерін анықтауға, оларға қажетті қолдау мен түзету көрсетуге мүмкіндік берді. Алайда, психологиялық қолдаудың тиімділігін арттыру үшін қолданылатын әдістердің ауқымын кеңейту және өзгерістер енгізу, буллингтің алдын алу жөніндегі жұмысты күшейту қажет. Есепті кезеңде жүргізілген психологиялық жұмыс әрбір оқушының жеке тұлғасын дамытуға, оқу ортасында психологиялық жайлылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Алайда, психологиялық қолдау үздіксіз процесс екенін және оны үнемі жетілдіру мен жаңа қызығушылықтарға бейімдеу қажет екенін түсіну керек. 2022-2023 оқу жылындағы психологиялық жұмыстың талдауы бірқатар маңызды үрдістер мен жетістіктерді анықтауға мүмкіндік берді. Негізгі нәтижелер: ●Диагностика: Жүргізілген диагностикалық зерттеулер оқушылардың психологиялық жағдайы туралы толық мәлімет алуға, қауіп тобындағы оқушыларды анықтауға, негізгі мәселелер мен қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік берді. 11 сынып оқушыларының алаңдаушылық деңгейінің жоғары болуы, 10 сынып оқушыларының бейімделудегі қиындықтар.	
--	--	---	--

		●Түзету жұмысы: Түзету шараларының нәтижелері олардың тиімділігін көрсетті. Жеке және топтық жұмыстардың нәтижесінде оқушыларда алаңдаушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынас қиындықтары бар жасөспірімдерде коммуникативтік дағдылардың жақсаруы. ●Алдын алу жұмысы: Тренингтер, лекциялар, топтық сабақтар сияқты алдын алу шаралары оқушыларда сау өмір салты дағдыларын қалыптастыруға, стресске төзімділікті арттыруға және коммуникативтік құзыреттілікті дамытуға ықпал етті. ●Ата-аналармен өзара іс-қимыл: Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық үрдіске белсенді қатыстыру баланы қолдау және дамыту үшін бірыңғай кеңістік құруға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтерді талдау келесі қорытындыларға әкелді: ●Психологиялық қолдаудың өзектілігі: Қазіргі әлеуметтік жағдайда жасөспірімдерге психологиялық қолдау қажеттілігі өте жоғары. ●Қолданылатын әдістердің тиімділігі: Диагностика, түзету және алдын алуды қамтитын кешенді тәсіл оң нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді. ●Одан әрі дамудың қажеттілігі: қауіп тобындағы отбасылармен жұмыс істеу, киберзорлық-зомбылықтың алдын алу бағдарламасын дамыту сияқты қосымша көңіл бөлуді қажет ететін салалар бар. Келесі оқу жылына арналған перспективалар: Алынған нәтижелер мен балалар психологиясы саласындағы қазіргі заманғы үрдістерді ескере отырып, келесі оқу жылында мыналар жоспарланған: ●Психологиялық қызметтердің ауқымын кеңейту: Эмоционалды интеллект, лидерлік қабілеттер және шығармашылық потенциалды дамытуға бағытталған жаңа бағдарламалар мен әдістерді енгізу. ●Алдын алу жұмысын күшейту: Жасөспірімдер арасындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алуға бағытталған кешенді бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру. ●Мониторинг жүйесін жетілдіру: Жүргізілген жұмыстың тиімділігін үнемі бағалау, бағдарламалар мен әдістерге қажетті түзетулер енгізу.		
--	--	--	--	--

		●Педагогтар мен ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту: Оқу үрдісінің барлық қатысушыларының психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыруға бағытталған бірлескен іс-шаралар өткізу. 2023-2024 оқу жылы Бұл есепте 2023-2024 оқу жылдарында 10-11 сынып оқушыларымен жүргізілген психологиялық жұмыстың талдауы берілген. Мектепте 465 оқушылар бар, оның ішінде 321-і 11-сынып оқушылары, 144-і 10-сынып оқушылары. Жалпы психологиялық қызмет бес бағытта жүріп отырады: диагностика, түзету дамыту, ағарту, кеңес беру, ұйымдастыру-әлеуметтік. Есептің мақсаты – жұмыс тәжірибесін жүйелеу, психологиялық көмек және түзетудің тиімді әдістерін анықтау, сондай-ақ келесі оқу жылындағы психологиялық қолдауды дамыту перспективаларын анықтау болып табылады. Мақсаты: Оқу ортасында, отбасында және қоғамда оқушылардың толыққанды дамуына, оң әлеуметтенуіне, кәсіби бейімделуіне және өмірлік өзін-өзі анықтауына жағдай жасауға көмектесу. Міндеттер: ●Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту, оларды шығармашылық және әлеуметтік маңызды іс-әрекетке тарту; ●Отбасылық әл-ауқатсыздық, әлеуметтік жетімдік, балаларға қатысты зорлық-зомбылықты анықтау және алдын алу, оқушылардың әлеуметтік бейімделмеуі мен құқық бұзушылықтарын алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау; ●Оқу үрдісінің барлық қатысушыларының психологиялық-педагогикалық және құқықтық мәдениетін арттыру. Негізгі жұмыс бағыттары ●Алдын алу бағыты: Оқушылардың, педагогтардың, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін (психологиялық мәдениетін) дамыту, салауатты өмір салтына бағытталған көзқарастарды қалыптастыру, оқу-тәрбие үрдісіне қатысушылардың денсаулығын сақтау және нығайтуға көмектесу. ●Ақпараттық-түсіндіру жұмысы Кеңес беру бағыты: Оқушыларға, олардың ата-аналарына және педагогтарға даму, әлеуметтену, оқу қиындықтары, қарым-қатынас мәселелері сияқты өзекті мәселелерді шешуде көмек көрсету.	2023-2024 оқу жылы жылдық жоспар https://drive.google.com/file/d/1J9Zs3lwOwyHOju-CtmQxQtQZO_wuxn2a/view?usp=drive_link
--	--	---	---

		Кеңес беру тақырыптары: оқу барысындағы қиындықтар, құрдастарымен және ата-аналарымен қарым-қатынас, жүктемелі оқу, қоғамдық қысым және болашаққа деген белгісіздік жасөспірімдерде үнемі стресс пен мазасыздық тудырады. Достардың болмауы, жалғыздық сезімі, виртуалды әлемге ену т.б. ●Диагностикалық бағыт: Диагностиканың мақсаты: оқу және дамудағы проблемалардың себептерін анықтау үшін оқушылардың жеке ерекшеліктерін зерттеу; жеке тұлғаның күшті жақтарын, оның резервтік мүмкіндіктерін анықтау, кәсіби және танымдық қызығушылықтарды ерте анықтау. Келесі диагностикалық әдістер қолданылды: Э. Ховард бойынша стресске төзімділік тесті, Опросник агрессивности Басса – Дарки, Сурет салу арқылы болжам жасаудың «Вулкан» әдісі, «Менің жанұям» проективті тесті, Геометриялық фигуралардан адамның конструктивті суреті, «Үй- ағаш- адам» проективті диагностикалық әдісі. Диагностика нәтижелері мыналарды көрсетті: оқушыларда алаңдаушылық деңгейі жоғары, алдыда келе жатқан ҰБТ-ға байланысты, ата-ананың үмітін ақтау, құрдастарымен қарым-қатынас жасаудағы қиындықтар т.б. ●Түзету-дамыту бағыты: Барлық қажеттіліктері бар оқушыларға қызмет көрсету немесе тиісті мамандарға жолдау арқылы түзету-дамыту қолдауына жағдай жасау. ●Ұйымдастыру-әдістемелік қызмет: әдістемелік қорды толықтыру, жаңа әдістерді меңгеру және әзірлеу. ●Топтық жұмыс: Келесі топтар ұйымдастырылды: “Танысу”, «Үш сурет» - арт-терапия, "Рефрейминг", “Бұзылған телефон” әдісі, “Артистизм и понимание”. ○Топтардың мақсаты: жағымды атмосфераны қалыптастыру, әлеуметтік дағдыларды дамыту, өзін-өзі бағалауды арттыру. ○Топтық жұмыстың нәтижелері: қатысушылар ашық, өзіне сенімді болып, басқаларды түсіне білу, ойларын ашық жеткізе алу, жанжалды тиімді шешуді үйрену т.б. ●Буллингтің алдын алу және оны жеңу жөніндегі жұмыс: ○Буллинг тақырыбында семинар өткізілді. ○Оқушыларға конструктивті өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға арналған тренингтер ұйымдастырылды.	
--	--	---	--

		оКонфликт қатысушыларымен жеке кеңестер өткізілді. Жұмыс нәтижелерін талдау Эмоционалдық саланы дамыту: Сезімдерді анықтау және білдіру дағдыларына үйрету, ашу-ызаны, мазасыздықты және басқа да теріс эмоцияларды басқару. Оң ойлау дағдыларын дамыту: Позитивті ойлау дағдыларын дамыту, теріс көзқарастарды жеңу.Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Қарым-қатынас дағдыларына, жанжалды шешу қабілетіне, басқа адамдармен ынтымақтастық жасауға үйрету. Өзіне деген сенімділікті дамыту: Өзіне қатысты оң бейнені қалыптастыру, өз құндылығын сезінуді дамыту. Өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту: Релаксация, медитация, тыныс алу жаттығуларына үйрету. Қорытынды Жыл бойы жүргізілген психологиялық жұмыс 10-11 сынып оқушыларының негізгі психологиялық мәселелерін анықтауға, оларға қажетті қолдау мен түзету көрсетуге мүмкіндік берді. Алайда, психологиялық қолдаудың тиімділігін арттыру үшін қолданылатын әдістердің ауқымын кеңейту және өзгерістер енгізу, буллингтің алдын алу жөніндегі жұмысты күшейту қажет. Есепті кезеңде жүргізілген психологиялық жұмыс әрбір оқушының жеке тұлғасын дамытуға, оқу ортасында психологиялық жайлылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Алайда, психологиялық қолдау үздіксіз процесс екенін және оны үнемі жетілдіру мен жаңа қызығушылықтарға бейімдеу қажет екенін түсіну керек. 2023-2024 оқу жылындағы психологиялық жұмыстың талдауы бірқатар маңызды үрдістер мен жетістіктерді анықтауға мүмкіндік берді. Негізгі нәтижелер: ●Диагностика: Жүргізілген диагностикалық зерттеулер оқушылардың психологиялық жағдайы туралы толық мәлімет алуға, қауіп тобындағы оқушыларды анықтауға, негізгі мәселелер мен қажеттіліктерді анықтауға мүмкіндік берді. 11 сынып оқушыларының алаңдаушылық деңгейінің жоғары болуы, 10 сынып оқушыларының бейімделудегі қиындықтар. ●Түзету жұмысы: Түзету шараларының нәтижелері олардың тиімділігін көрсетті. Жеке және топтық жұмыстардың нәтижесінде оқушыларда алаңдаушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынас	
--	--	---	--

